



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 24 ақпан – 3 наурыз аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2023 жыл, 6 наурыз

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 3 наурызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 3,7%-ға (447,73 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары 431,08 теңге деңгейінде қалыптасты.


2023 жылғы 24 ақпан мен 3 наурыз аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Ақпанда ҚХР-да қызмет көрсету саласындағы және өндіріс саласындағы іскерлік белсенділік индекстері талдаушылардың күткенінен асып, тиісінше, 52,6 және 51,6 тармақтарды құрады. Еуроаймақтағы инфляция а/а 8,5%-ға дейін бәсеңдеді, бірақ, бұл талдаушылардың күткенінен жоғары болды. Атланта ФРБ Президенті Рафаэль Бостик АҚШ ФРЖ-ның осы жазда мөлшерлемелердің артуын тоқтата алатыны жөнінде мәлімдеді. Бұл факторлар көбінесе дамушы нарықтардағы валюталардың оң динамикасын қалыптастырды.

Дамушы елдердегі АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының¹ динамикасы төмендегідей қалыптасты:


- **Мексика песосы** Tesla Inc. компаниясының елдің солтүстік бөлігінде автомобильдерді құрастыру зауытын салуды жоспарлап отырғаны туралы хабарлары аясында 2,5%-ға (18,42-ден 17,96-ға дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** ҚХР-да экономикалық белсенділіктің қалпына келуі туралы деректер шыққаннан кейін тәуекел-сентиментінің жақсаруы аясында 1,6%-ға (18,43-тен 18,14-ке дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** оффшорлық инвестор салымдарының Adani Group акцияларына ықтимал әкелінуі аясында 0,9%-ға (82,75-тен 81,97-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** 0,7%-ға (76,13-тен 75,63-ке дейін) нығайды. РФ Қаржы министрлігі наурызда бюджеттік ереже аясында шетел валютасын сату көлемін алдыңғы айдағы күніне 8,9 миллиард рубльге қарсы күніне 5,4 миллиард рубльге дейін азайтуды жоспарлап отыр;
- **түрік лирасы** 0,4%-ға (18,87-ден 18,8-ге дейін) нығайды. Инфляция ақпанда ж/ж 55,18%-ға дейін (қаңтардағы ж/ж 57,68%-дан) бәсеңдеді.
- **Бразилия реалы** бір апта ішінде өзгермей, 5,2 деңгейінде қалды.
- **Индонезия рупиясы** 0,5%-ға (15 228-ден 15 311-ге дейін) әлсіреді. Орталық Банк экспорттаушылардың валюталық түсімін репатриациялау үшін 5,2%-ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша 1 айдан 6 айға дейінгі кезеңге валюталық депозиттер құралын енгізді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан бастап 3 наурызға дейінгі аралықта)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылғы 24 ақпан - 3 наурыз аралығында)**



Дамушы елдердегі валюталардың динамикасы
(2023 жылғы 17 ақпан = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz